

**«Электр энергиясы мен қуаты нарығының Қазақстандық
операторы»
акционерлік қоғамы
(«КОРЭМ» АҚ)**

**Аукциондық сауда-саттық қатысушысына
нұсқаманы өткізу
БАҒДАРЛАМАСЫ**

**Нұр-Сұлтан қ.
2021 ж.**

1. Кіріспе

Осы бағдарлама ЖЭК жобаларын іріктеу және қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату жөніндегі аукциондық сауда-саттық қатысушысына (бұдан әрі – қатысушы) ЖЭК жобаларын іріктеу және қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату жөніндегі аукциондық сауда-саттық (бұдан әрі - аукциондық сауда-саттық) өткізу кезеңінде «КОРЭМ» АҚ сауда жүйесінде жұмыс істеу дағдыларын алу және оларды кейіннен сынақтан өткізу мақсатында нұсқама өткізуге арналған.

Осы бағдарлама «Аукционға қатысушыларға қойылатын біліктілік талаптарын, өтінім берудің мазмұны мен тәртібін, аукционға қатысуға өтінімді қаржылық қамтамасыз ету түрлерін және оларды енгізу мен қайтару шарттарын, қорытынды шығару және жеңімпаздарды айқындау тәртібін қамтитын аукциондық сауда - саттықты ұйымдастыру және өткізу Қағидаларына» (бұдан әрі – Қағида) және «Аукциондық сауда-саттықты ұйымдастыру және өткізу жөніндегі Әдістемелік нұсқауларға (бұдан әрі- Әдістемелік нұсқаулар) сәйкес әзірленді.

Бағдарламаға келесі жағдайларда өзгерістер енгізілуі мүмкін:

1) аукциондық сауда-саттықты ұйымдастыру және өткізу мәселелерін реттейтін Қағидаларға, Әдістемелік нұсқауларға және басқа да нормативтік актілерге өзгерістер енгізу;

2) Сауда жүйесінің бағдарламалық жасақтамасына өзгерістер енгізу.

2. Оқытуға және нұсқамалыққа жіберу тәртібі, нұсқамаланатын топты қалыптастыру

Қатысушыға нұсқаманы аукциондық сауда-саттық ұйымдастырушысы жүргізеді.

Қатысушыларды нұсқамаға қабылдау үшін қатысушысының басшылығы «КОРЭМ» АҚ Басқарма Төрағасының атына нұсқаманы өткізуге жіберілетін аукциондық сауда-саттығына қатысушы қызметкерлерінің тізімін қоса бере отырып, «КОРЭМ» АҚ Сауда жүйесінде жұмыс істеу дағдыларын игеру мақсатында өз қызметкерлерін нұсқамадан өтуге жіберу ниеті туралы өтініш беру жолымен жасалады.

Нұсқаулық топтың жинақталуына қарай жүргізіледі.

3. Қатысушының алдын ала дайындығына қойылатын талаптар

Осы бағдарлама бойынша «КОРЭМ» АҚ-да нұсқама өткізгенге дейін қатысушы мынадай нормативтік материалдарды зерттеп тануға міндетті: Қағидалар мен Әдістемелік нұсқаулар.

Нұсқамадан өтуге жіберілген қатысушының дербес компьютерде (Windows, Word, Excel) және Интернет-ресурс желісінде жұмыс істеу дағдысы болуы тиіс.

4. Қатысушыға нұсқаманы өткізу регламенті мен бағдарламасы

Қатысушыға нұсқау беру әр сейсенбі және бейсенбі күндері сағат 10-00-ден 12-00-ге дейін 2 (екі) сағат ішінде жүргізіледі. Уақыттың бірінші жартысы теориялық сабақтарға, екінші жартысы тәжірибелік сабақтарға бөлінеді.

➤ **сағат 10:00-ден 11:00-ге дейін келесі тақырып бойынша дәріс: «Жаңартылатын энергия көздері жобаларын іріктеу/қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату бойынша аукциондық сауда-саттық».**

Дәріс жоспары:

1) Ережелер мен Әдістемелік нұсқауларда қолданылатын негізгі ұғымдар мен анықтамалар;

2) сауда-саттықты өткізу мерзімдері мен тәртібі;

3) өтінімдерді ресімдеу мен берудің жалпы тәртібі:

- өтінім берушілерді сауда-саттыққа жіберу шарттары;

- өтінім түрлері;

- өтінімдердің мазмұны;

- өтінім беру тәсілдері.

4) сауда-саттықты өткізудің күшін жою немесе тоқтата тұру жағдайлары.

➤ **сағат 11:00-ден 11:30-ға дейін келесі тақырып бойынша дәріс: «Сауда жүйесінде Интернет-ресурсын пайдалана отырып жұмыс істеу».**

Дәріс жоспары:

1) Интернет-ресурстың көмегімен Сауда жүйесіндегі жұмыс бойынша жалпы мәліметтер;

2) Интернет-ресурсты пайдалана отырып өтінім беру.

➤ **сағат 11:30-дан 12:00-ге дейін - Сауда жүйесінде Интернет-ресурсын пайдалана отырып жұмыс істеу бойынша практикалық сабақтар.**

Сабақтың жоспары:

1) Интернет-ресурсын пайдалана отырып сауда жүйесіне кіру;

2) Сауда жүйесінің жұмыс терезелерінің функционалдығы;

3) Интернет-ресурсын пайдалана отырып өтінім беру.